

Седьмой класс составляют слова, написание которых осталось прежним, но *семантическое значение полностью изменилось*. Из двухсот проанализированных прилагательных в данный разряд входят четыре наименования. Эта группа слов вызывает интерес, так как в семантике слов отражено мировоззрение народа. Например: жадный – испытывающий жажду; тот, кто терпит нужду, лишения. -> Жадный – 1. Стремящийся к наживе, скупой. Ж. человек. 2. Настойчивый в стремлении удовлетворить своё желание, выражающий это стремление; слишком падкий на что-н. Ж. к деньгам (на деньги). Ж. на еду (к еде, до еды). Ж. на работу (перен.: любящий много работать). 3. перен. Исполненный желанием понять, познать что-н. Благовѣрные – Преданный истинной вере, православный. -> Благоверный – (разг. шутол.) муж, супруг; жен, супруга. Безцѣльные – неисцелимый. ->Бесцельный – не имеющий определённой цели, бесполезный.

Таким образом, можно отметить несколько тенденций в развитии оценочных прилагательных: изменение семантики прилагательных, в частности развитие у прилагательных вторичных значений (часто переносных); изменение стилистической окраски прилагательных (появление помет книжн., разг., высок.и т.д.); полное исчезновение из употребления части прилагательных; переход части прилагательных в разряд архаизмов; переход из класса прилагательных в класс существительных. Кроме этого, интерес вызывает изменение в части оценочных прилагательных их концептуальной природы, т.е. приобретение, утрату или изменение их положительной или отрицательной оценки.

#### Литература:

- 1.Русская грамматика // под ред. Н.Ю. Шведовой и др. т. 1., - М., 1980. – 1367 с.
- 2.Виноградов В.В. Русский язык. М., изд. 3., 1986. – 767 с.
- 3.Сергеева Л.А. Проблемы оценочной семантики. М., 2003. – 147 с.
- 4.Арутюнова Н.Д. Язык и мир человека. М., 1998. – 187 с.
- 5.Филин Ф.П. О языке древнерусской народности. – ВЯ, 1982, № 2,7 с.
- 6.Теория функциональной грамматики: Качественность. Количественность: Сб. ст./Отв. ред. А.В. Бондарко. СПб., 1996.
- 7.Ожегов С.И. Словарь русского языка: Ок. 53 000 слов/Под общ. ред. проф. Л.И. Скворцова. – 24-е изд., испр.. – М.: Оникс, Мир и Образование, 2007. – 1200 с.
- 8.Словарь древнерусского языка (XI – XIV вв.): В 10 т./С48 АН СССР. Ин-т рус.яз.; Гл. ред. Р.И. Аванесов. – М.: Рус. Яз., 1988.

**Зияда Ж.Е.**, академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, тарих факультеті, ГИ-33 тобының студенті

(Ғылыми жетекшісі - магистр, аға оқытушы **Бөдеев Қ.Т.**)

### СЕМЕЙ ПОЛИГОНЫ

Семей полигоны – КСРО ядролық сынақ полигондарының бірі, аса маңызды стратегиялық объектісі болды. КСРО заманында Қазақстан аумағында атом бомбалары сынақтан өтті. Ол үшін арнайы 18 млн га жер бөлініп, Семей ядролық полигоны ашылды. Бастапқысында адамдарға, жануарлар мен табиғатқа тікелей зардабын тигізген ашық сынақтар жасалды. Сосын оларды жер астында жасай бастады. Атом бомбаларының жарылыстары сұмдық ауыр болды. Семей маңындағы радиациялық әсер аймағында тұратын 500 мыңдай адам осы сынақтан азап шекті. Бір кездері ядролық полигон нақ Семей жерінде неге құрылды деген сұрақтың жауабын іздегенде сол кезде бұл өңір Кеңес Одағының адам ең аз қоныстанған, сонымен бірге негізгі коммуникация жерлерінен оншалықты қашық емес деген сөздер шыққан. Семей ядролық полигонндағы сынақтардың жалпы саны 456 ядролық және термоядролық жарылысты құрады. Олардың 116-сы ашық болды, яғни жер бетіндегі немесе әуе кеңістігінде жасалды [1, 80 б.].

Семей полигонның әуеде және жер бетінде сынақтан өткізілген ядролық зарядтардың жалпы қуаты 1945 жылы Хиросимаға тасталған атом бомбасының қуатынан 2,5 мың есе көп болды.

1949 жылғы 29 тамызда тұп-тура таңғы сағат жетіде көз ілеспес жылдамдықпен ұлғайып бара жатқан отты доп кенеттен Жер денесіне қадалып, оны шарпып өтіп, аспанға көтерілген. Отты шардан соң, сұрапыл қуат пен көз қарастырар сәуле бас айналдырып жібергендей бір сәтте жер қабығының ыстық күлі мен иісі көкке көтерілген. Жер лыпасының өртең иісі қолқа атар түтіннің ащы иісін қолдан жасалған жел әп-сәтте жан жаққа таратты.

Тауы жерлердегі сирек ауылдарда тұратын адамдар дір ете түскен жер мен жарты аспанды алып кеткен от-жалынға таңырқап, үйлерінен қарап тұрған. Жалғыз түп шөп қалмаған, түтігіп қарайып кеткен даланың түл жамылғысы. Жан-тәсілім алдында жанталасқан тышқандардың, қарсақтардың кесірткелердің өлі денесі табылған. Жаңадан келгендер бұл тозақты Семей ядролық сынақ полигоны ретінде белгілі № 2 оқу полигонында РДС-1 (зымырандық көрсеткіш снаряды) плутоний зарядын жер бетінде сынақтан өткізу жарылысы деп атады. Бұл КСРО-да тұңғыш атом бомбасының жарылуы еді. [2, 1-4 б.]

Семейдегі полигон 1949 жылы ашылып, 1963 жылға дейін ядролық сынақ әуеде, жер бетінде жүргізіліп келгені бұл күнде ешкімге құпия емес (жер астындағы жарылысты қоса есептегенде, жалпы 781 сынақ болған). Полигон Абай, Май, Жаңасемей аудандарының территориясында жатыр. Ядролық сынақ негізінен полигонның бергі Абай ауданына қарасты бөлігінде жүргізілген. Ол жер бұрын Абыралы ауданына қарайтын. Полигон құрылар алдында аудан таратылып, оның халқы «қауіпсіз аймаққа» көшірілген. Полигонның территориясында шығыстан батысқа қарай созылып жатқан, ұзындығы 35-40, ені 15-20 шақырым шамасында ұсақ шоқылы Дегелең тауы бар. Бұл Сарыарқаның малға жайлы, құйқалы тауларының бірі еді, өкіншке орай, біз бауыры құт болған ата-қоныс таудан айырылып қалдық. Сталиндік әкімшіл аппарат елмен санаспай, қазақ халқының аса қасиетті мекені, Абай мен Шәкәрім және Мұхтар секілді үш данышпанның киелі бесігіндей бұл жерді алапат қаруды сынайтын тозаққа айналдырды. Ал, осынау ядролық сынақтың әкелген зардабы тым ауыр еді (экологиялық, демографиялық). Сол зардаптардың бірі қазақ халқының демографиялық ахуалы. Демограф М.Тәгімовтың пайымдауынша: «Полигонның демографияға әсері, біріншіден, психологиялық тұрғыда әсер етеді. Оны ғылым тілінде радиофобия деп атаймыз. Фобия қорқыныш, үрей, қорқу дегенді білдіреді. Радиофобия үркіншілік ретінде демографиялық мінез-құлыққа кері ықпалын тигізеді. Мәселен, радиофобия билеп алған әйелдер дендері сау бола тұра, үшінші, төртінші, бесінші баланы дүниеге әкелуге қорқады, олар ақыл-есі кем, денсаулығы жоқ, мүгедек сәбиді дүниеге әкелем бе деген орынды үрейді жене алмайды. Ядролық полигонның демографияға екінші бір әсері, адамдардың миграциялық мінез-құлқына қатты әсер етеді. Енді жұрт жай қорқып, бала тууды шектеп қана қоймай, олар полигоннан алыс аймаққа көшіп кетуге тырысады. Жоспарлы түрде жүргізілмеген миграция республиканың экономикасы мен шаруашылықтарға елеулі түрде нұқсан келтіруі әбден мүмкін», - дейді автор [3, 111-118 б.].

1949 жылдан 1963 жылға дейін жер бетінде жасалған сынақтардың зардабы мол болғаны рас. Бұл аймақтағы аурулардың есеп-қисабы 1990 жылға дейін мұқият жасырылып келді. Облыста онкологиялық, жүрек-қан тамыр, жүйке және психикалық аурулар саны күрт өсті. Азап шегіп, өлім құшқан адамдар қаншама. Отбасыларында кемтар балалар көбейді. Бұның өзі қазақ ұлтының келешегіне төнген зор қауіп болатын 1980 жылдардың аяғына қарай халықтың төзімі таусылып, шегіне жеткен еді [4, 8 б.].

Осындай бірнеше зардаптардың куәсі бола тұрып нақтылы бір іс-әрекет жасамау ессіздік болар еді. Осы мәселенің негізінде 1989 жылы 28 ақпанда «Невада-Семей» құрылды. 1989 жылдың ақпанында Семейдегі атом полигонын табу үшін күресті бастауға ұйғарған «Невада - Семей» қозғалысының алғашқы митингісі өткізілді. Оны басқарған – белгілі қоғам қайраткері, ақын Олжас Сүлейменов. Сол жылдың 6 тамызында Семей облысының Қарауыл ауылында ядролық қаруды сынауға мораторий жариялау жөніндегі ұсынысты КСРО және АҚШ Президенттеріне үндеу қабылданды. Онда былай делінген болатын: «Сайын даламыз ядролық жарылыстардан қалтырап бітті, сондықтан да онда ары қарай үнсіз қалу мүмкін емес. 40 жыл ішінде бұл арада мыңдаған Хиросималар жарылды. Біз келешекті қауіппен күтудеміз. Уайымсыз отырып, су мен тамақ ішу, өмірге нәресте әкелу мүмкін емес болып барады. Қазақстандағы ядролық қаруды тоқтату үшін, өз үйімізде бейбітшілік пен тыныштық орнату үшін, өз құқықтарымыз үшін күресу мақсатында біз «Невада - Семей» қозғалысын құрдық».

Осы уақытқа дейін үнсіз тығылып келген халық бір дауыстан «ядролық қаруға жол жоқ!», «Сынақтар тоқтатылсын» деп мәлімдеді. Ядролық сынақтардың қатері жөнінде барлық бұқаралық ақпараттары құралдарында, телевидение мен газеттерде әңгіме бола бастады. 1989 жылдың 28 ақпанында құрылған «Невада-Семей» қозғалысы өзінің басты мақсаты – Семей полигонын жабумен ғана айналысқан жоқ сонымен қатар ядролық қуатқа ие басқа елдерді де осынау үлгілі тәжірибеге талпындырды. «Әрбір жарылыстан кейін жер астындағы сызаттардан улы газ әуеге жайылып, бірнеше ондаған шақырымдарға созылған қалың бұлт пайда болды. Ғалымдардың есептеуінше, бұл қара бұлт желдің бағытымен далаға кетуі тиіс еді. Алайда шопандар ауылына қарай ойысқан улы газ жел өтімен әскери қалашық пен Семей қаласына қарай бет алған. Бұл ақиқатты Олжас Омарұлына армиялық авиация ұшқышы айтады. Сол кезде жаңадан құрылып жақан қозғалыс белсенділері КСРО

Жоғарғы Кеңесіне хат жазу керек деп шешті. Алайда бірінші хатпен, бірінші қозғалыспен ештеңе шешіле қойған жоқ. «Бірақ халық та, билік те бұл қауіпті сынақтарды тоқтатудың маңыздылығын түсіне бастады. Семей полигонының жабылуы қырғи-қабақ соғыстың аяқталуының басты символы болды», – деп еске алады белгілі ақын Олжас Сүлейменов. Бұл символға Америка да үн қатты. 1991 жылы Семей полигоны жабылды, 1992 жылы Америка Невададағы өз полигонында сынақтарын тоқтатты. Одан әрі барлық полигондар тоқтаған болатын. Бұқараның қысымымен Семей полигонындағы сынақтар саны азая бастаған еді. Халықтың бастамасымен тұңғыш рет КСРО Үкіметі ядролық қаруды сынауға тыйым салу – мораторий жасау туралы шешім шығарды. Қазақстан Республикасының егемендігі туралы Декларацияда ел аумағы ядросыз аймақ деп жарияланды.

Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаев Семей полигонын жабу туралы Жарлық шығарған күні – 1991 жылдың 28 тамызы. Сөйтіп тиянақтылық пен елімталдық көрсеткен қазақ халқы өз мақсатына жетті: ең үлкен полигон жабылып, атом қаруынан бас тарту әрекеті жасала бастады. Семей полигоны жабылғаннан кейін Ресейдің, АҚШ пен Францияның полигондарында ядролық қаруды сынауға мораторий жарияланды. 1991 жылдың 29 тамызында Семей ядролық полигоны жабылып, 1992 жылдың мамырында оның базасында Курчатов қаласындағы Ұлттық ядролық орталық құрылды. Ал еліміз ядролық қарудан бас тартқан бірден-бір мемлекет ретінде әлемге танылды. «Адамзаттың өзін-өзі өлтіру құралын дамытуға тосқауыл қойған шешімді бірінші болып қабылдаған Қазақстан халқына адамзат бір кездері өз алғысын да айтар», – деді аталмыш ұйымның төрағасы, жазушы-ғалым Олжас Сүлейменов [5;6 б.].

Семей ядролық сынақ полигонының жабылуына түрткі болған «Невада – Семей» халықаралық антиядролық қозғалысы болса, полигонның жабылуы туралы заңды қуаттаған Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев. Семей полигонының жабылғанына бүгінде ширек ғасыр толып отыр. Жапан далада жапа шеккен халқымыздың қасіретін жаһанға жария етіп, зияны жоқ деп сендірген жерасты сынақтарына тосқауыл қойылған болатын.

Қолданылған әдебиеттер:

1. XXI век - без ядерного оружия, 2001. - 80 б.
2. Назарбаев Н. "XXI ғасыр-ядролық қатерден құтылатын ғасыр // Заң. – 2001ж, 1-4 бет.
3. Тәтiмов М. Қазақ әлемi. - Алматы: Қазақстан – Атамұра, 1993 ж, 111-118 бет.
4. Журнал «Арай» 1988 жыл № 10 , 8 бет.
5. Сағымбаева Н. Зардаптарды жою үшін қажырлы күрес қажет // Сарыарқа. – 1999 ж, 2-8 бет

**Каирбекова М.М.**, Карагандинский государственный университет имени академика Е.А.Букетова, исторический факультет, студентка гр. МО-32  
(*Научный руководитель – к.и.н., доцент Досова Б.А.*)

### **ВОПРОСЫ РЕЛИГИИ В ПОВСЕДНЕВНОЙ ЖИЗНИ НАСЕЛЕНИЯ КАЗАХСТАНА В 50-60-Е ГОДЫ XX ВЕКА: ПРОБЛЕМА ВЗАИМОДЕЙСТВИЯ ВЛАСТИ И ВЕРУЮЩИХ (НА МАТЕРИАЛАХ ГОСУДАРСТВЕННОГО АРХИВА КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ)**

На протяжении всей истории человечества религия постоянно являлась сильнодействующим фактором социально-политического развития общества. Сила религии в политической жизни общества в том, что она имеет колоссальное влияние на общественное сознание, а значит, способна формировать мнение людей о светской власти, о политике государства и т.д. Политика и религия обладают двумя важными общими функциями. Их объединяет стремление к общественному порядку и стабильности общественной системы – интегративная функция; с помощью регулятивной функции нивелируются противоречия между отдельными людьми и определенными слоями населения. Некоторые ученые придают религии политическую функцию, исходя из того, что она имеет огромное социально-политическое влияние на жизнь общества [1]. Причина противоречий религии и политики кроется в различных подходах на изменения общественной жизни: религии свойственен консерватизм, а политика динамично реагирует на изменения в обществе.

Не является исключением и территория Казахстана, где роль религии всегда занимала особое место. На протяжении веков в казахской степи существовали различные культы, в том числе доисламские верования, такие как тенгрианство, шаманство и прочие языческие культы. Но в X в. мусульманство начало проникать в южные районы. Уже к концу этого же века ислам утвердился среди оседлого населения в Семиречье и на Сырдарье. Ислам стал религией тюркской империи